

2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың :
- 407-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының;
2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына

407-ҚОСЫМША

Ескерту. 407-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.17. N 470и қаулысымен.

690 - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Сайлау өткізуді ұйымдастыру"
деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 795207 мың теңге (жеті жүз тоқсан бес миллион екі жүз жеті мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы туралы Ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 11 қарашадағы N 3205 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу туралы" 2006 жылғы 6 маусымдағы N 130 Жарлығы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" 2004

жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы ; "Қызметтік телефондар және мемлекеттік органдардың аппараттарын орналастыру үшін алаңдардың нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы орталық сайлау комиссиясының аппараты штатының саны туралы" 1998 жылғы 29 қазандағы N 1108 қаулысы; "Бюджет қаражатынан қаржыландыратын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметшілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Парламент Сенаты, Мәжілісі депутаттарын, мәслихаттар депутаттарын және аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлауда жүктелген функцияларды барынша тиімді орындау үшін Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы аппаратының қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы аппаратының Парламент депутаттарының, мәслихаттар депутаттарының және аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауларын әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыру мақсатында қамту, сайлауларды өткізу кезінде аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларына басшылықты жүзеге асыру, комиссияны материалдық-техникалық жарактандыру, оқулық семинар өткізу; қызметшілердің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберліктерін жетілдіру үшін кәсіби қызмет саласындағы оқыту бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімдерін, икемділігі мен машықтарын жаңарту, "Сайлау" ААЖ бағдарламасын сүйемелдеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағ-дар-лама коды	Кіші бағ-дар-лама коды	К і ш і бағдар-лама-лардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001					

			Сайлау өткізуді ұйымдас-тыру			
2		001	Орталық органның аппараты	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының аппаратын штат кестесі бойынша ұстау. Бекітілген тиесілілік нормативі бойынша қызметтік автокөлік ұстау және жалдау. Көшіру аппаратына техникалық күтім көрсету және жөндеу.	ж ы л ішінде	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы
3		007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Мынандай бес тақырып бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметшілерді сатып алу: - Қазақстан Республикасындағы бюджеттік процесс және бюджет саясаты - 1-тоқсан; - мемлекеттік сатып алулар - 1-тоқсан; - іс жүргізуді ұйымдастыру және құжаттану - 2-3-тоқсан; - Қазақстан Республикасындағы құқық шығармашылығы және заң шығару процесі - 2-3-тоқсан; - Қазақстан Республикасының Конституциясы және халықаралық құқық - 2-3-тоқсан; - Мемлекеттік және ағылшын тілдерін үйрету - 3-4-тоқсан.	ж ы л ішінде	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы
4		009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	Орталық аппараттың және оның аумақтық органдарының жұмысына жағдай жасау және тиімділендіру үшін мынандай тауарлар мен жабдықтар сатып алу: қағаз жойғыштар, диктофондар, бейнемагнитофондар, магнитофондар, бейнеқосақтар, көшіру-көбейту аппараттары, бейнекамералар, факсимильдік аппараттар,	ж ы л ішінде	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау

				<p>т о н а з ы т - қыштар, сейфтер, кеңсе жиһаздары басшы үшін және бөлім меңгерушілері үшін, құжаттарды сақтайтын, сырт киімдер үшін шкафтар, креслолар, орындықтар, стеллаждар, күнперделер, "Nurl@n" жерсеріктік жүйесінің электрондық кинотеатрлары.</p>		комиссиясы
5		017	<p>Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету</p>	<p>"Сайлау" ААЖ мамандандырылған жабдықтарына және есептеу техникасы құралдарына техникалық қызмет көрсету, "Сайлау" ААЖ ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу, жабдықтамалық қамтамасыз ету және желілердегі ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету. Ақпараттық жүйелерге әкімшілік ету жөніндегі қызметтерді, орталық аппараттың "Сайлау" ААЖ деректерді беру желісіне және Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерін сатып алу. "Сайлау" ААЖ жұмысын толық қамтамасыз ету үшін шығындық материалдар, жинақтауыш қосалқы бөлшектер мен қызметтерді сатып алу.</p>	жыл ішінде	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы
6		100	Сайлау өткізу	<p>Шығып қалғандардың орнына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарын, мәслихаттар депутаттарын және аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлауды әзірлейді және өткізуді ұйымдастыру. Сайлау комиссиялары мүшелерімен сайлауларды әзірлеу және өткізу мәселелері бойынша екі семинар өткізу.</p>	жыл ішінде	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтижелер:

- Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының орталық аппаратын 51 бірлік штат санының лимиті бойынша қамту, орталық аппарат қызметкерлерінің материалдық-техникалық жарақталуын 100% қамтамасыз ету;
- Республика бойынша тұтас алғанда Парламент депутаттарын сайлау қорытындыларын шығару;
- сайланған комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасау;
- аумақтық және округтік сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне түскен арыздар мен шағымдар қарау;
- саны - 10 адамның кәсіби деңгейін жоғарылату, саны - 25 адамға мемлекеттік тілді үйрету, саны - 20 адамға ағылшын тілін үйрету.

Түпкілікті нәтижелер :

- Республиканың аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуына бақылауды жүзеге асыруға бірыңғай қолдануын қамтамасыз етуге қажетті жағдайлар жасау;
- мемлекеттік қызметшілердің сұранысын кәсіпқойлық деңгейін көтеруде - 20%, мемлекеттік тілді үйренуде - 50%, ағылшын тілін үйренуде - 40% қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтижесі:

- бюджеттік қаржыны Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы қызметінің сапасын жоғарылатуға пайдалану;
- бюджеттік қаржыны дер кезінде және толық игеру;
- орталық аппараттың бір мемлекеттік қызметшісін қамтуға арналған қаржылық-шаруашылық шығыстар - 9725,5 мың теңге;
- штаттан тыс бір қызметкерді қамтуға арналған қаржылық-шаруашылық шығыстар - 499,5 мың теңге;
- бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін жоғарылатуға арналған орташа шығыстар - 22,3 мың теңге;
- бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді үйретуге арналған орташа шығыстар - 13,76 мың теңге;
- бір мемлекеттік қызметшіге ағылшын тілін үйретуге арналған орташа шығыстар - 6,0 мың теңге;
- Сенатқа бір депутатты сайлауға арналған орташа шығыстар - 860,0 мың теңге;
- Мәжіліске бір депутатты сайлауға арналған орташа шығыстар - 2616,0 мың теңге;
- мәслихаттарға бір депутатты сайлауға арналған орташа шығыстар - 115,0 мың теңге.

Уақтылығы :

- сайлауларды "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңға сәйкес өткізуді қамтамасыз ету;
- жоспарланған іс-шараларды белгіленген мерзімдерде атқару.

С а п а с ы :

- осы заманғы экономикалық жағдайларға сәйкес, мемлекеттік қызметтің талаптары бойынша мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін жоғарылату;
- мемлекеттік тілді үйрену курсынан өткен соң мемлекеттік қызметшілердің 10% іс жүргізуді мемлекеттік тілде жүзеге асыратын болады;
- ағылшын тілін үйрену курсынан өткен соң мемлекеттік қызметшілердің 5% ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейтін болады;
- біліктілігін жоғарылату курсынан өткен соң мемлекеттік қызметшілердің 2% жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалатын болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК